

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2022, № 2 (98)

2 /2022

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редакторы:

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:

Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбаев Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

Жауапты редактор:

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар:

Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель:
Министерство Образования и науки Республики казахстан
Комитет Науки
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусейтова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

Адрес редакции:
050100, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: <https://otan.history.iie.kz>
Тел.: +7 (727) 272-46-54.
E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно
делается ссылка на журнал.

Founder:

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Committee of Science
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board:

Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

Editorial office address:

050100, Republic of Kazakhstan,
Almaty, Shevchenko str., 28
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
Editorial board of the magazine «History of the homeland»

Link to the website: <https://otan.history.iie.kz>

Tel.: +7 (727) 272-46-54.

Email address: otanhistory@gmail.com .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,
a link to the magazine is necessarily made.

Now the study of the history of the Silk Road, its modernization, and the expansion of political, economic, and cultural ties between the countries along this path are being resumed. In 1987, the XXIV session of the UNESCO General Conference adopted the "international project for the study of the Great Silk Road". It was attended by Greece, Portugal, Egypt, Italy, China, Indonesia, Mongolia, Oman, Sri Lanka, and the former Soviet Union. The programs "Human Environment, Land and sea resources", "culture and the future" were approved. Participated in the implementation of these programs. In 1991, the National Committee "Silk Road" was established in Kazakhstan. The Great Silk Road is of great importance for the people of Eurasia both in ancient times and now in solving cultural and spiritual problems.

Tourism is a priority area in Kazakhstan. The government focuses on paying more attention to tourism in order to create multi-industrial country, and eliminate the dependency on oil industry. 137,500 jobs were created directly by Travel & Tourism industry in Kazakhstan in 2013 (1.6% of total employment) and this is forecast to grow by 2.2% in 2014 to 140,500 (1.6% of total employment). The main purpose of the development of tourism in Kazakhstan is to create a modern, highly effective and competitive tourist complex, which will provide all the necessary conditions for the development of the industry as a sector of the economy, integration into the global tourism market and development of further international cooperation in the field of tourism, the inflow of investments into the country.

Kazakhstan historically was a key player on the Silk Road, connecting East and West from ancient times. Being a part of great history gives Kazakhstan an opportunity to develop its tourism industry based on the Silk Road cultural heritage. Kazakhstan's tourism product can be effectively introduced in the market as part of integrated Central Asian tourism product. Several projects and routes are already in the action. However, the country is still working and negotiating with its neighbor countries on solving visa problems and border procedures. Despite a large number of problems, Kazakhstan has a great potential for cultural tourism development among the Silk Road and bright future for inbound tourism.

References

- Can Kazakhstan become a top tourist destination? <http://www.rferl.org/Kazakhstan> – MSN Encarta. Archived from the original on 31 October 2009. <http://www.webcitation.org/>
- Greenall, Robert (23 November 2005). "Russians left behind in Central Asia". BBC News. <https://www.news.bbc.co.uk> Retrieved 9 September 2013.
- Kazakh TV – Kazakhstan enters top 50 most competitive countries". <https://www.Kazakh-tv.kz>. 6 September 2013. Retrieved 9 September 2013.
- Kazakhstan attractiveness survey 2013. <https://www.EY.com>
- Kazakhstan profile. <https://www.state.gov>. US State Department.
- Kazakhstan unveils \$21bn rescue package. Financial Times. <https://www.ft.com>
- Republic of Kazakhstan Statistical Agency. Archived from the original (PDF) on 23 July 2011. Retrieved 10 December 2010.
- Political Explanatory Dictionary. - Almaty, 2007. ISBN 9965-32-491-3
- Physical geography of Kazakhstan, Almaty: Atamura, 2008. ISBN 9965-34-809-X
- Otrar. The Encyclopedia. - Almaty. Arys publishing house, 2005 ISBN 9965-17-272-2
- "Encyclopedia of South Kazakhstan region"
<https://kk.wikipedia.org/wiki/>
<https://bulletin-geography.kaznu.kz/index.php/1-geo/article/view/755>
<https://atameken.kz/kk/news/27124-shelkovyj-put-vozmozhnosti-turizma>
<https://stud.kz/referat/show/31320>

FTAMP 03.61

DOI 10.51943/1814-6961_2022_2_244

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛІ АҢШЫЛЫҒЫНЫҢ ХАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Ишкалова Г.И.^{1*} 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

*Автор-корреспондент
 e-mail: ishkalova0703@mail.ru


Түйіндеме. Фольклорлық материалдар кез келген халықтың ұлттық мәдениетінің, оның ұлттық болмысының, тарихи жадысының, дүниетанымының көрсеткіші болып табылады. Халық қоршаған

ортасына бейімделе отырып, өзіндік тұрмыс-тіршілігіне сәйкес материалдық және рухани мәдениетін қалыптастырады. Қазақ халқы да күнделікті өмірінде орын алған жәйттарды қиял-ғажайыптық және т.б. түсіндіру арқылы жеткізуге тырысты. Фольклор – сөз өнері, халық даналығынан туындап, ақиқат астасып жатқан дереккөзі. Сол себепті де тарихи оқиғалар немесе шаруашылық фольклорлық материалдарда көптеп кездеседі. Дереккөздер арасында ауызша тарих айту дәстүрі деп ғылымда қалыптасқан деректер теңдесі жоқ нарративті деректер тобын құрайды. Автор осы мақсатты негізге ала отырып, мақалада қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерінде дәстүрлі аңшылық өнердің көрініс табуын қарастырған. Атап айтқанда, ертегілер; батырлар жыры мен дастандар; ғұрыптық фольклор; өлеңдер; ғашықтық жырлар және дидактикалық фольклорда негізделген қазақ халқының дәстүрлі аңшылық сахнасының және оның қоғамдағы орнын зерттеген. Қазақ фольклоры арқылы ұлттық сипат пен ерекшелікті көрсетуге ұмтылыс жасалған. Этнография мен әдебиет ғылымдарының өзара байланысын айқындалған.

Кілт сөздер: дәстүрлі аңшылық, фольклор, ұлттық бояу, фольклорлық жанр, әлеуметтік орта, нарративті дерек.

MPHTI 03.61

ОТРАЖЕНИЕ ТРАДИЦИОННОЙ ОХОТЫ КАЗАХОВ В ФОЛЬКЛОРЕ

Ишкалова Г.И.^{1*} 

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*Автор-корреспондент
e-mail: ishkalova0703@mail.ru

Аннотация. Фольклор каждого народа является показателем национальной культуры, его национального самосознания, исторической памяти и мировоззрения. Приспосабливаясь к окружающей среде, народ формировал свою уникальную материальную и духовную культуру в соответствии с образом жизни. Казахский народ, как и другие народы, разными способами пытался интерпретировать и передать события повседневной жизни. Хотя фольклор – это искусство, создаваемое народом, в основе которого лежит человеческая мудрость, но оно также выступает истинным историческим источником. В фольклоре встречаются описание исторических событий, отражены картины повседневной жизни и хозяйственной деятельности. Таким образом, данные устного народного творчества являются нарративными источниками среди других видов источников. В соответствии с вышеизложенными фактами, автор ставит цель рассмотреть традиционную охоту на примерах казахского фольклора. В частности, на основе сказок, героических и лирических песен, ритуального фольклора и дидактического фольклора изучены сцены традиционной охоты и место охоты в обществе. Сделана попытка через казахский фольклор показать национальный характер и самобытность традиционной охоты, также выявлена взаимосвязь устной литературы и этнографии.

Ключевые слова: традиционная охота, фольклор, национальный колорит, фольклорные жанры, социальная среда, нарративный источник.

IRSTI 03.61

KAZAKH TRADITIONAL HUNTING IN FOLKLORE

Ishkalova G.^{1*} 

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*Corresponding-author
e-mail: ishkalova0703@mail.ru

Abstract. The folklore of each nation is an indicator of national culture, its national identity, historical memory and worldview. Adapting to the environment, the people form their unique material and spiritual culture in accordance with the way of life. The Kazakh people, like other peoples, tried to interpret and convey the events of everyday life in various ways. Although folklore is an art created by the people, based on human wisdom, but it also acts as a true historical source. In folklore there are descriptions of historical events, pictures of everyday life and economic activity are reflected. Thus, the data of oral folk art are narrative sources among other types of

sources. In accordance with the above facts, the author aims to consider traditional hunting on the examples of Kazakh folklore. In particular, on the basis of fairy tales, heroic and lyrical songs, ritual folklore and didactic folklore, the scenes of traditional hunting and the place of hunting in society are studied. An attempt was made through Kazakh folklore to show the national character and originality of traditional hunting, and the relationship between oral literature and ethnography was also revealed.

Key words: traditional hunting, folklore, National character, folklore genres, social environment, narrative source.

Кіріспе. Кез келген халықтың ұлттық мәдениеті, тарихи жадысының қайнаркөзі, ұлттық болмысы мен дүниетанымының көрсеткіші, рухани өмірінің айнасы – фольклорда негізделген. Сөйтіп, әрбір халықтың ауыз әдебиетінде дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі және салт-дәстүрі мазмұндалады. Әрине, ауыз әдебиетінде қиял-ғажайыптық түсіндіру басым. Дегенмен, халықтың қиялынан шынайы ақиқаттық фактіні аңғаруға болады. Ол өткеннің жаңғырығы ретінде бүгінгі күні өмір сүріп, ұрпақты ұлттық мәдениет мұраларымен сусындатады. Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы жайлы әртүрлі тарихи дереккөздері арасында фольклор теңдесі жоқ нарративті деректер тобын құрайды. Өйткені, халықтың өткен тарихы ел жадында сақталып, фольклорлық материалдар негізінде бүгінгі ұрпаққа жеткізілді. Мақаланың мақсаты – халық фольклоры материалдарындағы дәстүрлі аңшылық көріністерін талдау. Осы мақсатты басшылыққа ала отырып, төмендегідей міндеттер қойылды: аңшылық жайлы айтылған фольклорлық материалдарды жинақтау; фольклордағы аңшылық көріністерінің түрлерін айқындау; этнография мен фольклортану ғылымдарының өзара байланысын көрсету.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазу барысында қазақ халқының фольклорлық үлгілері: ертегілер; батырлар жыры мен дастандар; ғұрыптық фольклор; өлеңдер; ғашықтық жырлар және дидактикалық фольклор негізге алынды. Алға қойылған міндеттерді шешу үшін анализ және синтез, тарихи-салыстырмалы және жүйелеу әдістері қолданылды. Фольклорлық материалдарды келтірілген деректерді негіздеп, тарихи кезеңдерді түсіну тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы мүмкін болды. Аталған әдіс дәстүрлі аңшылықты реконструкциялауға да септігін тигізеді. Анализ және синтез әдістерінің көмегімен фольклорлық үлгілер мазмұны мен сипатына қарай топтастырылып, жүйеленді. Сонымен қатар аңшылық дәстүрдің күнделікті тіршілікке ықпалын анықтауға мүмкіндік берді. Қоршаған ортамен халықтың өзара әрекетін, қоғамдық жүйені тану және оның тарихи шындыққа жанасу мәселелері жүйелеу әдісі арқылы жүзеге асты.

Талқылаулар. Шетелдік және отандық ғалымдардың теориялары мен концепциялары және еңбектері мақаланы жазуда басты методологияны құрады. Француз әлеуметтанушысы Э.Дюркгеймнің әлеуметтік факт және құндылық пайымдамасы тұлғаның қоғамға бағынышты болып, оның барлық құндылықтарын қалыптастыратынын ашуға көмектесті (Громов, Лукьянов, 2010:125). Аталған теорияға сәйкес, орта қалыптастырған әдет-ғұрыптар жеке тұлғаның санасынан тыс өмір сүре отырып, адамға тікелей әсер етеді. Яғни, біз қарастырған мәселеде адам негізгі мал шаруашылығымен қатар қосалқы шаруашылық ретіндегі аңшылықпен қоршаған орта талаптарына сай бейімделе келе, өзіндік дәстүр қалыптастырды. Motif-Index теориясын ұсынған Стит Томпсон бойынша, фольклордағы мотивтың жинақталуы «кейіпкермен болған жағдайлар шегі» сондықтан да «ішінде үш шығарма» мазмұндалуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, біз мақаланың өзегіне алып отырған фольклорлық материалдар тікелей аңшылыққа арналмағанмен, ондағы кейіпкердің тұрмыс-тіршілігінде кездесетін аңшылық сахналар оның басынан өткен оқиғалар аясында туындағанын түсіндіреді. Өйткені, халық ауыз әдебиетіндегі кейіпкерін барынша жан-жақты етіп, оның бойынан барлық қасиеттер мен қабілеттерді табуға тырысқан. Қазақ халқының фольклорында да кейіпкер батыр, қырағы, епті, төзімді және т.б. қасиеттерге ие боп, өз ауылын қорғап қана қоймай, аң аулаумен асыраған аңшы ретінде жырланған.

Тарихи-салыстырмалы әдебиеттанудың өкілі А.Н. Веселовский фольклорда тарихи шындықтың көрініс табуын зерттеп, тұрмыстық және психологиялық негіздер теориясының негізін салды. Бұл теорияға сәйкес, адамзат дамуының алғашқы кезеңінде орын алған жағдайлар ұқсас болса, өздігінше дербес, бірақ ұқсастығы бар мотивтер пайда болады (Веселовский, 1989:43). Басқаша сөзбен айтсақ, қазақ халқында кездесетін фольклорлық үлгілердің ноғай, қырғыз және т.б. кейбір халықтың ауыз әдебиетінде кездесуі тұрмыс-тіршіліктің ұқсас болуынан деп тұжырымдауға болады.

Қазақ ауыз әдебиеті ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткізіліп отырды. ХҮІІІ ғасырда қазақ фольклорын жинау, жариялау және зерттеу басталады. Бірақ олардың негізгі бөлігі қазақ халқы туралы дерек ретінде пайдаланылды. Тек ХІХ ғасырдың екінші жартысынан қазақ фольклоры ғылыми мақсатта жинала бастайды. В.В. Радлов, Ш.Ш. Уәлиханов, Г.Н. Потанин, А.И. Левшин, Ә. Диваев, ал ХХ ғасырда М. Әуезов, Ә. Марғұлан, С. Мұқанов, Н. Төрқұлов, Е. Тұрсынов еңбектерінде жинақталған фольклорлық мәтіндерде қазақ халқының дәстүрлі аңшылығына қатысты материалдар кездестіре аламыз. Зерттеуші Ф.Оразаева: «Егер қазақ халқы өзінің фольклорлық әдеби мұрасын жинап, зерттеп, кейінгі ұрпағына шашау шығармай жеткізгені үшін он-жиырма адамға қарыздар болса, олардың қатарында Г.Н. Потанин,

В.В. Радлов, А.Е. Алекторов, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, Н.Ф. Катанов, М. Әуезовтар есімі алғашқы кезекте аталмақ. Олар өз еріктерімен жинап, салалап, саралап кейінгі ұрпаққа алтыннан да асыл мұра қалдырды. Ұлы Қазан төңкерісіне дейін жалпы тюркологияда 2 түрлі ағым болды. Бірі реакциялық бағыт ұстап, патшалық тәртіп мүддесіне қызмет етті (М.А. Миропиев, Н.П. Остроумов), екінші тобы академиялық деп аталатын бағыт ұстады. В.В. Бартольд, М.С. Андреев, В.А. Вяткин, В.Ф. Ошанин, Н.П. Пантусов, Ә.А. Диваев және басқалар осы ғылыми бағытты ұстаған зерттеушілер еді», - деп ерекше баға берген болатын (Оразаева, 2007:50). Сібір, Қазақстан және Орта Азияның түркі тілдес халықтарының тілін, фольклорын және этнографиясын терең зерттеген В.В. Радлов «Из Сибири» атты еңбегінде фольклорлық нұсқаларды келтіреді (Радлов, 1989:300-301).

Қазақстан тарихында фольклорды дерек ретінде қарастырған зерттеушілер аз емес. Солардың қатарында алғашқылардың бірі болып фольклордың қазақ тарихындағы маңызын айқындап, зерттеу негізіне алған Е. Бекмаханов болды. Ғалым: «...тарихи оқиғалар мен жеке адамдарға дәл және көбінесе дұрыс бағасын береді, себебі тарихты жасаушы және суреттеліп отырған оқиғалардың тікелей қатысушысы халықтың өзі болып табылады», - деп, пікірін білдірді (Бекмаханов, 1994:44).

Халықтың төл дерегі болып табылатын фольклорлық материалдар тек қана әдебиетшілердің немесе өнертанушылардың зерттеу нысаны ғана емес, тарихшылар, этнографтар және т.б. сала өкілдерінің де басын біріктіретін сала. Филология ғылымдарының докторы, зерттеуші С.Қасқабасов: «Фольклор жанрларын этнографияға сүйенбей зерттеу мүмкін емес. Этнографиялық материалды пайдалану жанрлардың шығу тегін анықтау үшін ғана қажет емес. Этнография фольклорлық жанрлардың ерте замандағы сипатын, алғашқы даму жолдарын зерттеуде өте пайдалы. Себебі жанрлардың да, сюжеттер мен мотивтердің де пайда болуы ғана емес, сондай-ақ олардың өмір сүруі мен өзгеру, даму жолдары да тұрмыспен, болмыспен тікелей байланысты», - деп атап көрсетеді (Қасқабасов, 2009:54). Ал, Н. Төрәқұлов әдебиетшілердің арасында алғашқылардың бірі болып М. Әуезов, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, М. Сильченко, Н. Смиронова, С. Сейфуллин, Е. Ысмайылов және т.б. зерттеушілердің ұсынған ұстанымдарынан сүйене отырып, халық өлеңдерін арнайы жанр ретінде классификациялау барысында 4 топқа бөліп, «Еңбек, кәсіптік өлеңдер» деген бөлікке аңшылық, саяткерлік өлеңдерді кіргізді (Турекулов, 1982:51).

Академик Ә. Марғұланның «Ғасырлар бойы айтылып келген ертегі-жырды, аңызды әңгімені ең алғаш шығарып таратқан түрік тілдес елдер...Сак, гүн, үйсін, қаңлы заманынан басталады» деген пікірін деректанушы Қ. Атабаев: «Олай болса, фольклор қазақ халқының кемінде 2,5 мың жылдық тарихының дерек көзі болып табылады», - деп тұжырымдайды (Атабаев, 2007:95).

Халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі аңшылыққа қатысты материалдар мен тұрмыстағы орны жайлы С.Мұқанов алғашқылардың бірі болып зерттеуін арнады (Мұқанов, 2017:101-134). Жазушы жақсы иттер туралы ертегі, аңыздар және де әрбір халықтың пір тұтатын жыртқыш құстары бар екеніне, аңыздарына тоқталады. «Сара мен Біржанның» айтысынан үзінділер келтіріп, ел аузынан жинаған материалдары негізінде аушы құстардың түрлері мен олардың аулау тәсілдері жайлы жазып, аңшылықты зерттеген. Ал, М. Әуезов: «Халық мұрасының үлгілерін оны тудырушы әлеуметтік ортамен тығыз байланыста тексеруді, яғни географиялық-этникалық белгілерді есепке алу керек», - деп пайымдады (Классикалық зерттеулер, 2012:9). Ж.Бабалықұлы мен А. Тұрдыбаев «Саят» атты еңбекте қазақ ауыз әдебиетінде аталған 11 қыранның тегі, түрі, жігі туралы түсініктемелер берген (Бабалықұлы, Тұрдыбаев, 1983:144).

Тәуелсіздік алғаннан кейін фольклорлық материалдарды дерек ретіндегі маңызына қызығушылық артып, отандық методологияда «айтылған тарих» әдісі ғылыми айналымға түсті. Зерттеушілер М.Қ. Қойгелдиев, Н.Д. Нұртазина, Б.О. Жангуттин, Ш.Б. Тілеубаев, Ш.Т. Нұрман, З.Б. Мырзатаева, М.Ч. Қалыбекова, Ә. Болатхан ауызша тарих айту дәстүрін зерттей келе, тарих айту дәстүрінің екі түрін ажыратып көрсетті (Айтылған тарих, 2015:3). Біріншісіне – ұрпақтан ұрпаққа жадта сақтау арқылы ауызша жеткізілген түрі жатқызылса, екіншісіне – маман арқылы алынған сұхбат енгізілді. Еңбек авторлары әлемдік тарихнамада кең орын алған «oral history» деген атаумен белгілі бағытқа «айтылған тарих» түрінде баламасын ұсынды. М.Қ. Қойгелдиевтің редакторлығымен басып шығарылған «Қоғамның тарихи жады: XX ғасыр Алматы облысы Ескелді ауданы тұрғындарының өмірбаяндық әңгімелерінде» атты зерттеу өңір тұрғындарының биографиялық әңгімелері негізіндегі сұхбат материалдары мен архив деректері арқылы дайындалған. Зерттеуде сұхбат материалдары мерзімді басылым, архив деректерін толықтырған (Қоғамның тарихи жады, 2015). М.А. Алпысбес қазақ шежіресін дәстүрлі тарихи сана мен тарихи таным кешені ретінде зерттеді (Алпысбес, 2013:234-256). З.Б. Мырзатаева айтылған тарих бойынша сұхбат алу арқылы деректік қорды құру жолдарын негіздеп, сұхбат технологиясы жөнінде теориялық талдау жасады (Мырзатаева, 2016:6-69).

Нәтижелер. Халқымыз ауызекі шығарып, ұрпақтан ұрпаққа ғасырлар бойы ауызекі таратып жеткізген фольклорлық шығармалары бірнеше жанрға бөлінген. Біз өзіміздің зерттеу тақырыбымызда төмендегідей топтастырамыз: 1) ертегілер; 2) эпостық жырлар; 3) ғұрыптық фольклор; 4) өлеңдер; 5) ғашықтық жырлар; 6) дидактикалық фольклор. Аталған ауыз әдебиеті нұсқаларында келтірілген аңшылық

сахна зерттеуіміздің өзегін құрайды. Көне заманнан осы күнге жеткен фольклорлық нұсқалар қарапайымдылықтан туындап, көркемдік дәредесіне жетіп, бізге мұра ретінде қалды.

Қазақ халық ауыз әдебиетінде қара сөзбен айтылып, ұрпақтан ұрпаққа ауызша беріліп отырған фольклордың үлгісінің бірі – **ертегілер**. Кез келген ертегіде қиял-ғажайып ой шындықпен байланыстырылған. Ертегі ақиқат өмірдің бұрмаланғанымен емес, оған шындықтың шеберлікпен біріктірілуімен тартымды. Қазақ ертегілерінде де кейіпкер дәріптелгенмен, күнделікті тұрмыс-тіршілік, оның күнкөрісі баяндалады. «Керқұла атты Кендебай», «Ер Төстік», «Бүркіт пен түлкі», «Аңшы мен қарға», «Патша мен бүркіт», «Аңшы жігіт» және т.б. ертегілерде кейіпкерлердің аңға шығуы, олардың ерекше тылсым күш иесі ретінде аңды аулауы айтылған. Мысалы, «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде: «Кендебай Керқұланы күстай ұшырып, алты қырдың ар жағынан қаша жөнелген құланды көзді ашып-жұмғанша қуып жетіп, құйрығынан ұстайтын болыпты», - делінген. Бұл жерден байқайтынымыз, ертегі қазақ халқының болғандықтан құлан ежелден-ақ қазақ жерін мекендеген және жергілікті халық оны аулаған (Бабалар сөзі, 2011:55). Ал, «Жақанша» ертегісінде: «Жақанша аңда жүріп, бір киікті қаумалап алып: «Киік кімнің үстімен қарғып өтсе, сол адам өзі барып ұстап алады», - деп келтірілуінің өзі оқиға болған аймақта киіктің болуы, оның аулануын, бәрін біріктіргенде аңшылық алқап және шамамен қай аймақ екені туралы мәлімет аламыз.

Сонымен, ертегілердегі аңшылық сахналар халықтың ұлттық сипатын (көрінісін) және этникалық ерекшелігін білдіреді. Ертегілік сюжет қиял-ғажайып болғанымен, нақты өткен шындық жайлы естелік емес, ол – болған оқиғалар жайлы шындыққа жақын фантастикалық шығарма. Ертегілер арқылы ұлттық құндылықтар ұрпақтың бойына сіңіру негізделген. Яғни, ертегілерде тарихилық, ұлттық бояу, этникалық ерекшелік пен болған оқиға жайлы шынтуайтты әңгіме ретінде қабылдауға әбден болады.

Елді қорғау, ерлікке шақыру, батырдың ерлігін дәріптеу және жауға өшпенділікке шақыру **эпостық жырлардың** басты мақсаты екені белгілі. Дегенмен айтушы өз кейіпкерін барынша мадақтау мақсатында тыңдаушыға оның күнделікті өмірінен де сыр шертіп, кейіпкердің аңға шығуы және оның туыстары мен бүкіл ауылын асырауы туралы айтады. Олардың қатарында: «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Аққоян мерген», «Қара мерген», «Құла мерген», «Аламан мерген» жырлары бар. «Мерген» сөзінің кездесуінің өзі атынан-ақ аңшылық жайлы айтылатыны сезіледі. Академик Ә.Марғұлан: «Аққоян мерген», «Қара мерген», «Құла мерген», «Аламан мерген» жайлы әңгімелерде барлығының аң аулауы туралы айтылады», - деп пікірін білдірген болатын (Марғұлан, 1985:80). Мысалы, «Қамбар батыр» жырында Қамбар батырдың құмай тазысын ертіп аңға шыққаны туралы былай суреттеледі:

...Екпіні қатты дауылдай,
Ерлігін әбден сынады,
Ағайыны қуанып,
Аллаға шүкір қылады.
Күмістен тағып қарғысын,
...Соңына ертіп тазысын,
Ау қылып Қамбар шығады,
Қасындағы құмайы,
Таңынан тартып талайын,
Таутекені жығады.
...Айырылды жыртылып,
Киік пен атқан құланы,
Айт-бүйгіне қарамай,
Ақбөкендей жосытып,
Айғайын салып қуады.
...Бір атқа қайтып сияды?
Алпыс үйлі арғынның,
Ашыққанын тойғызды,
Батыр туған Қамбардың,
Тимеді жоққа зияны (Диваев, 2007:63-65).

Сонымен, Қамбар батыр жырынан байқайтынымыз – кейіпкеріміз батыр, жеті қазынаның бірі құмай тазымен аң аулаған. Ертегі желісі құмай тазының халықтың жадында бұрыннан бар екенін білдіреді. Яғни, батырлар жырында да ұлттық сипат пен этникалық ерекшелік байқалады. Сол тарихи кезең, немесе қай хандық екені тікелей айтылмағанымен, оқиғада орын алған аймақ немесе сол рулы ел айтылады. Мұның өзі аймақтық ерекшелікті, қандай аң аулағанын және қалай ауланғанын да байқау мүмкіндігін береді. Эпостық жырларда басты кейіпкердің аңшылық кәсібімен қатар, басқа да кейіпкерлердің мінез-күлқын немесе көңіл-күйін суреттеу үшін халық күнделікті бақылап, аулау тәсіліне қарай адамның іс-әрекетін сипаттау орын алған. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында Ақжүністің көңіл-күйін

суреттеуде лашын құстың көлдегі аулау тәсілімен теңестіріп, Тарғын: «Ақжүністей жолдасым...Әйелде ару сен едің...Қабағы тастай түйілген, Лашын құстай шүйілген», - дейді (Ер Тарғын, 2019:371).

Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, ноғай елінің фольклорлық үлгілерінде де аңшылық туралы айтылады. Мысалы, көпшілікке танымал «Едіге», «Шора батыр» жырларында кейіпкерлердің саятшылық құруы немесе халықтың жалпы аңшылық кәсіппен таныс екенін мазмұндалады. Атап айтсақ, «Едіге» жырында Едігенің әкесі – Құтлықай Тойхуч ханның қаршығасы мен сұңқарын баптаған. Алайда, табысқа қызыққан Құтлықай Тойхуч ханнан жасырын оның бір сұңқарын сатып жіберген. Мұны естіген хан ызаланып, оны жазалауды бұйырған (Ананьев, 1900:11). Келтірілген үзінді ноғай халқының күнделікті тұрмысында аңшылық кәсіптің болғаны мен күсбегілік дамығанын білдіреді. Едіге ұлына ренішін білдірген сәті жырда: «Егер сұңқар құсыңды еркіндікке жіберсең, Немен аңды аулайсың?», - деп, әкесін үйінен қуып жатқан ұлына өз орнын осындай теңеу арқылы жеткізеді (Ананьев, 1900:11). Осы жағдай ноғай халқында да аушы құспен аулау кәсібінің барын көрсетеді. Бұл тақырыптың маңыздылығы жайлы кезінде Ә.Марғұлан: «Аңшылық тұрмысты, мал бағуды суреттейтін монғол дәуірінен бұрынғы найман, керей, өңгіш (уак) елдерінің алтай ортасында жырланған, аңыз-жырдың бір саласы, бұл топқа кіретін жырлар: «Аршы-боршы», «Қара мерген», «Айқанат», т.б. Бұл жырлар тек қазақ арасында ғана емес, алтай, тува, телеут халықтары арасында да айтылады. Мерген атаулының бәрі де ерте кездегі бақташылық, аң аулау тұрмысынан туып, олардың жұртшылық алдында көрсеткен ерлік істері кейінгі дәуірге жыр болып қалады. Мерген әңгімелерінің көп шыққан жерлері әсіресе Алтай тауының төңірегі, керей, найман, шор, телеут елдері. «Хан мерген» жылы Алтайдағы (Қосағаш ауданы) наймандарда осы күнге дейін айтылады» деп атап өткен болатын (Марғұлан, 1985:80).

Аңшылық кәсіптің көрініс тапқан келесі түрі – **ғұрыптық фольклор**. Бұл жанрға бата, жоқтау, естірту кіреді. «Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» деген нақыл сөзді ұстанған халқымыз «Бүркіттің жүрегін бер, адал достың тілегін бер», - деп тілек білдірген (Сәтімбеков, 2017:177). Мұнда да бүркіттің батылдығын, қайсарлығын, қырағылығын, адалдығын ескерген.

Қазақ халқы адам қайтыс болған соң оның жақындарына қайғылы хабарды естіруге ерекше көңіл бөлген. Х.Арғынбаев бұл естірту ғұрпын «қазақта берік қалыптасқан дәстүрдің бірі» деп баға береді. Ал, енді қара сөзбен, өлеңмен, тіпті күймен естірткен соң, халық өзінің қаралы болғанға сыпайыгершілікпен басу айтқан. Осындай көңіл айту немесе тоқтау сөздерінде аңшылықпен байланыстырған мәтіндер кездеседі. Мысалы, Ә. Диваев «Тарту» атты еңбегінде:

«Аққу ұшып көлге кетті,
Сұңқар ұшып шөлге кетті
Ол адасып кеткен жоқ

Әркім барар жерге кетті», - деген үлгіні келтірсе, халық арасында кең тараған «Ат өледі, құс ұшады, екі қанат бір құйрық табылар, ажалы жетсе бәрі өледі» деген басу толықтыра түседі (Диваев, 1992:145). Жоғарыда келтірілген басу айту қазіргі күні:

«Аққу ұшып көлге кетті,
Ақсұңқар ұшып шөлге кетті,
Ол адасып кеткен жоқ,
Бәріміз баратын жерге кетті.
Тұлпардың тұяғы кетіледі,
Қыранның қанаты сетіледі

Бүтін тұратын дүние жоқ», - деп кішкене өзгеріске ұшыраған. Бұл мәтіннен біз, әрине, аңшылық сахнаны көре алмағанымызбен, халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде бар дүниенің оның тіршілікке қажетін өтеуде орын алғанын байқаймыз. Халықтың қыран құс ұстап, аңшылық кәсіппен айналысқанын жоқтаудан да көруге болады. Осы ойымызды дәлелдеу үшін Х. Арғынбаевтың «Қазақ отбасы» атты еңбегіндегі Қарқаралы уезіндегі Ысмағилхан сұлтанның әйелі:

«...Арғымақ тұлпар жайлаған,
Ақ сұңқар құс байлаған», - деп жоқтаған.

Адамды жоқтау немесе қаралы хабарды естіртуде аңшылық сарындар орын алса, жылқыны «ер қанаты» деп, бүркітті «қыран» деп, тазыны «құмай» деп қастерлеп, жеті қазынаға жатқызған. Осы жануарлар мен құсты әспеттеп, «жолдасына» санаған. Оны сыйға тартпай, бабымен ұстаған. Егер де олардан айрылған жағдайда жақын адамынан айрылғандай жоқтау айтуы да кездеседі. Сондай жоқтаудың бірін В. Радлов өз еңбегінде орыс тілінде келтіреді. Біз мұны қазақшаға аударып, назарларыңызға ұсынамыз:

«Қыраным, ұшқанда ысқырушы ең жел сынды,
Өзінді ешқашан қорғаламай, қаншама қаз ауладың,
Сені жауыз өлтірді.
Қайғы жұттым-ау!
Қарасын қаздың аулаушы едің,

Үйде де, түзде де сені ойлап тұрамын,
 О, қыраным!
 Қаншама күс өсіріп ем қолымнан,
 Олар бірақ тек қана ала құстарды аулады,
 Олардың ешқайсысы саған теңесе алмады,
 Ұзын мойын, қысқа қанат сұңқарым,
 Сені аңға салып ем,
 Зәу биікке шырқадың.
 Он бес үйрек, алты қаз ұстап едің бір демде,
 Кезікпеді дуадақ бүріп алып ілгенге.
 Сен де кәрі, қыраным, мен де кәрі білгенге.
 Көзің соқыр болсаң да,
 Құс жетпейді бір саған,
 Ұша сала сен едің алты қаздан ұстаған,
 Қартайсаң да қалжырап аңшылықтан қалмадың,
 Шыңыраудан шыға сап шыңға қарай самғадың,
 Ашыққанда алдында қазың болды үнемі,
 Іңір түсе естілген сылдырмақтың үні еді.
 Аңға түстің іркілмей, мақтан кернеп бойыңды,
 Маған қара дегендей.
 Еске аламын, қыраным,
 Көк жүзіне көруші ек, көтерілген кезіңді,
 Аңшылықтың қызығына салғанымда өзіңді
 Қарсы алдымда өлі үйрек тізбектеліп жататын» (Радлов, 1989:300).

Сонымен, халық ежелден қастерлі деп санаған бүркітінен айрылса жоқтап, тіпті жақыны сияқты оны жерлеген. Сонымен қатар, халқымыз ғұрыптық фольклорда аңға шыққан кездегі тыйымдарды да қоса жеткізуге тырысқан. Мысалы: «Аңға алғаш шыққанда, олжанды ешкімге сыйлама»; «Аңшы аңға шығарда қаруы мен қамшысына әйел адамның қол жалғауына болмайды»; «Жабайы аңды үнемсіз аулауға болмайды»; «Көктемде жан-жануарға тиіспе, Құндыз аулама» деп тыйған.

Халқымыздың аңға шығып, серуен құрып, ерекше рахатқа бөленген сәттерін ақындар жырға қосып, өлең шығарған. Ол шығармалар ауыздан ауызға тарап, бүгінге күнге біразы жетті. Бұл бағытты **өлеңдер** жанры құрайды. Солардың бірі «Томаға тарту» маусымдық ғұрып фольклоры ретінде белгілі:

«Шынжыр балақ, шұбар төс,
 Имек түмсық, қанды көз,
 Томағанды тартайын,
 Орманда түлкі болса кез...
 Қанжығаға қан жұқпай,
 Қақ түмсықтан қан шықпай,
 Көңілім менің көншімес...
 Жүрегін жылы жеймісің,
 Ашығып қалдым – деймісің?...
 Мың жарым жыл өтіпті
 Құс томаға кигелі.
 Сонан бергі әжейлер
 Түлкі пішіп, иледі.
 Қарға түмсық құс салмай,
 Қашар тұяқ ат мінбей...
 Саятшылық өнерің...
 Мұндай құстар қазаққа

Ілуде бір табылар (Дала фольклорының антологиясы, 2020:221-222).

Ал, Қытайдағы қандастарымыз қызға ғашықтығын білдіру үшін жазған хаттарында жігіттер өздерінің аңшылық кәсіпке жақын екендігін барынша байқатуға тырысқан:

«Аңшының қанжығасы қан боп жүрер,
 Кей кезде қауіп-қатер жанға төнер.
 Сонда да қызықтырар бабамыздан,
 Ұрпақтан мұра болып қалған өнер.
 Құс болсаң жібектен бау тағар едім,
 Күмістен тұғырыңды жабар едім,
 Мойныңа сары алтыннан алқа тағып,

Қолға алып, сылап-сипап бағар едім» (Нұрғалымқызы, 2017:160).

Осы келтірілген өлең жолдарынан кейіпкерлердің бар өмірін аңшылыққа, саятшылыққа арнаған, кәсіптің қыр-сырын білетін адам екенін аңғартады.

Халқымыз ежелден қыран құсты киелі санап, ол көптеген аңыз әңгімелерге арқау болды. Жеті қазынаның бірі болып саналатын бүркіт батырлық пен батылдық, қырағылық, қайсарлық пен қайраттылықты дәріптейтін құс ретінде қабылданды. Сондықтан да сал-серілердің серігі, аңшылардың қолқанаты болды. Бірқатар ауыз әдебиеті үлгілерінде жырланды. Қыран құстың қазақ қоғамындағы орны туралы Ә.Марғұлан былай деп жазады: «Халық жырында эпикалық бейне болған нәрсенің бірі – құс, оның ішінде көбіне аққу, қаз, бүркіт, көк жемдет, бидайық, түйғын. Бүркіт, аққу – ескі қазақ руларына қасиетті болған (тотем) жануарлар, сондықтан аққуды культке айналдырып, атқызбай, өлтірмей, «киелі» деп санайтын. Бүркіт жайында аңыз, ертегі-әңгімелер, әсіресе ескі шумер, үнді, грек жұрттарында көп кездеседі. Сол елдерде айтылатын (мысалы, гректерде) бүркіт туралы ертегі қазақ халқында да айтылады. Оның үстіне, бүркітті қасиеттеу, ырым қылу Орал-Алтай алабын мекендейтін бақташы руларда бұрыннан келе жатқан аңыз. Алайда, бүркіт аңызы теңіз жайлайтын гректердің қиялындағы бүркіттен басқаша тәрізді. Ескі гректер бүркітті қиялмен жырласа, қазақта бүркітті түз құсы, аспанның қыраны деп, оның қасиеттерін, шаруаға пайдалы жағын, аңшылықтың көркі екенін жырлаған. Қазақтың ертегі-жырларында құс тәңірісі қып көрсетілетіннің бірі көк жемдет. Көк жемдеттің бейнесі басқа жұрттардың халық әдебиетінде кездеспейді. Мұхит, теңіз жайлайтын жұрттар, су стихиясымен байланысқан жайын, алыптардың өмірін қандай қызықты аңызбен жырласа, ең далада тіршілік жасаған бақташы елдер де аспанның қыран құстары сонша әсерлеп жырлап, ардақтаған ерін, солардың бейнесімен айтатын болады. Түз стихиясымен байланысты жырдың бірі «Көк жемдет», халық жырында оның бейнесі мен мына түрде сипатталады.

Көк жемдет, тұғырың алтын, маржан баулы,
Тұрушы ең ағаш үйде асыраулы.
Күнінде отыз үйрек, қырық қаз іліп,
Кеш болса, отырушы ең тояттаулы.
Көк жемдет құс ұшады тоғайды өрлеп,
Тілейді шабытына үйрек бер деп.
Кешке таман болғанда шарықтайды,
Есіл менен Еділді мені көр деп...

Бүркітті қасиеттеу аңызымен байланысқан әңгіменің бірі – Қара мерген әңгімесі. Қара мерген жапан түзге аң аулауға шығып, таудағы бір жартастың үстінде тұрса, аспаннан сорғалаған ақ иық бүркіт оны адам бармас күздың ішіне көтеріп әкетіп, мергенді күз сеңгірдің ішіне тастайды. Мерген көп уақыт не болғанын біле алмайды, ақыры бірнеше күннен кейін бұрынғыша аң аулап кете барады» (Марғұлан, 2007:107-108). Жалпы, тіршілікамымен қоршаған ортаға бейімделіп, аң аулап, саят құрып, табиғатты танып, құстың бабы мен тілін тапқан халқымыз: «Сұңқар-құстың төресі, лашын-құстың жемдеті, қаршыға-құстың ұрысы, бүркіт-құстың тәңірі» деп баға берген.

Ауыз әдебиеті үлгілерінде аңшылық дәстүр кеңінен жырланған. Мысалы, аңшы аулаған аңын жасы үлкен кісі немесе алғаш аңға шыққан балаға байлап беретін «қанжығаға байлау» секілді халықтың дала заңына бағынып, құрмет көрсету, кең пейілділік, жақынымен бөлісу, жомарттық немесе «Аңшы байымас» деген сөздің дәлелі ретінде мына өлең жолдары сақталған:

«Түлкі екен қоңыр ала түмсық жүні,
Терісін сойып алып көңіл тынды.
Жанына Жәмиланың байлап беріп,
Тағы да түлкі қағып атқа мінді» (Нұрғалымқызы, 2017:161).

Мақал-мәтелдер, жұмбақтар және тұрақты сөз тіркестері **дидактикалық фольклорды** құрайды. Адамның мінез-құлқын немесе белгілі бір жәйттерді түсіндіруде қазақ халқы бір ұғымды білдіретін бейнелі сөздер пайдаланған. Оны лингвистика ғылымында тұрақты сөз тіркестері деп атайды. Осы сөздер арасында аңшылықпен байланысты тіркестер көптеп кездеседі. Мысалы, «араны ашылды» (ашқарақтанды, қомағайланды, аш көзденді); «астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырды» (үркітіп, үрейге сап, бәлені айдақтау); «бидайықтай қуыру» (қысымға алу, бұру); «ит жүгіртіп, құс салды» (сауық-сайран, саятшылық құрды); «ителгідей жұтыну» (сұқтанды, жаланды), «қанжығасы майланды» (аңшының сәтті сапары туралы айтылған); «қақпанға түсті» (торға түсті, ұсталды); «сұңқар қарға болмайды» (жақсы адамды қанша кемітсең де жаман болмайды), «томаға түйық» (томсарып, көпшіліктен шеттеп жүретін, сөзге араласпайтын адам), «үлардай шулау» (қым-қуыт болып жылады; зар иледі), «іш мылтықпен атты» (жақтырмай, көзімен ішіп-жеу); «ырғаққа отырғандай» (жайсыз үйде қонақ болғанда); «шырға тартты» (алдап шақыру) (Фразеологиялық сөздік, 2007). Келтірілген сөз тіркестер халықтың күнделікті тұрмысындағы аңшылықта кездесетін құбылыстарды және қолданатын заттары арқылы өзін қоршаған

дүниеге ортақ белгімен сапасын табуын, яғни қазақтың айналасындағы болып жатқан құбылыстарға ат қоюын көрсетеді.

Аңшылық сарындар қазақ мақал-мәтелдерінде де кеңінен орын алды. М.М. Мұқанов: «Кейбір ғалымдар барлық халықтың мақал-мәтелдері үксас келеді деп септейді. Алайда, әр халықтың өзіндік ұлттық бояуы байқалады. Себебі, әрқайсысында ақиқат өздігінше айшықталады», - деп баға берген болатын (Муканов, 1975:87). Сол секілді қазақ халқы да айналадағы құбылыстарды ықшамдап, терең мағыналы қорытынды ойды құрастыруда аңшылық кәсіппен байланыстырды. Мысалы, «Еттің бәрі қазы болмас, иттің бәрі тазы болмас», «Әр таудың түлкісін әдісін білген тазы алады» және «Күмай тазы қуғанын алады» деген мақалда тазының аң аулау қабілеті көрсетілген. Аңға қолайлы сәт «Қаңтар қақпанды сүйер, Сонаршы ақпанды сүйер» деп, ал қансонарда аңға шығудың себебін «Көбік қарда түлкі ойнар, Көк шалғында жылқы ойнар» деп, шебер бейнелеген. «Тағыны жеткен алады» дегенде, аңды қуып аулау тәсілі негізделген. «Қазасы жеткен елік тұзаққа түседі» мәтелінде тұзақ құру арқылы елікті аулау туралы мәлімдейді. «Қыран құсты баптау қиын, тәтті тағамды сақтау қиын» деген мақалда аушы құсты қолға үйрету, өнердің мол тәжірибе, шеберлік пен төзімділікті талап ететіні бейнеленген. Ал, аңшыға қажет сабырлық пен төзімділік қасиеттер «Саятшылық сабырлық жарасар» дегенде байқалады. Қосымша төмендегі мақал-мәтелдер ұсынылады:

«Аңшының кешіккеніне сүйін».

«Тағам тән семіртеді,

Аңшылық жан семіртеді».

«Айдалы түлкі алдырмас».

«Түлкі алған итте сын болмас».

«Ителгі салған ет жейді».

Халық күнделікті өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде пайдаланатын құралдарын және т.б. көбіне жұмбақтап айтып, ойының ұшқырлығы мен тапқырлығын дамытып, көрсете білген. Солардың қатарында аңшылық құрал-жабдықтары жұмбақтарда көрініс тапты. Аңшылық құралдары мен құстың жабдықтары: қақпан, томаға, тіпті бүркіттің өзі жұмбақ нысанын құрады. Мысалы: бір қақпанның өзін «Шаңырақты, түндікті, Шіреніп жатқан бір мықты. Тие көрме құрғырға, Тиіп кетсең, ырғытты»; «Жапанда бір айдаһар бұғып жатқан, Оятып өз жанынан қаза тапқан, Нәрсеге не болса да өзі тажал, Аяғы сондай мықты жерге батқан»; «Денесі жоқ, аузы бар, Аяғы жоқ, қолы бар»; «Болса да өзі батыр, Жерде бұғып жатыр», деп «Бір нәрсе сырты бүтін, іші қуыс,

Айуан жандармен болған туыс,

Бір елдің патшасын ол қаратады.

Қарасан, бар денесі бір-ақ уыс». (Томаға)

«Бір нәрсе екі аяқты, сегіз бармақ,

Іліксе дүниенің барын алмақ.

Өзінің тілі бар да, тістері жоқ,

Жұтады көрінгенді алмап-жалмап». (Бүркіт)

Зерттеу барысында байқағанымыз – этнография ғылымы да, фольклортану ғылымы да халықтың (этностың) ұлттық сипатын, этникалық ерекшеліктерін және мәдениетін зерттейді. Этнография ғылымы әртүрлі дереккөздеріне, соның ішінде фольклорлық материалдарды нарративті деректер ретінде пайдаланса, фольклортану ғылымы ауыз әдебиетін негізге алады. Осы тұста, мақаланы жазу барысында алға қойылған міндеттердің бірі – этнография мен фольклортану ғылымдарының өзара байланысы айқындала түседі.

Қорытынды. Сонымен, қорытындылайтын болсақ, ауыз әдебиетінде аңшылық ежелден-ақ тұрмыс-тіршіліктің, жалпы тіршілікқамының негізі болғандығы көрініс тапқан. Аңшылық өнер барлық жанрда да бейнеленіп, ауыз әдебиетінің қорын молайтты. Дәстүрлі қазақ қоғамының қосалқы шаруашылығын құраған аңшылық негізгі тұрмыс-тіршілікте ерекше орны бар өнер ретінде халық ауыз әдебиетінде өзіндік жеке тақырыпты құрады. Фольклордың барлық жанларын талдау арқылы аңшылықтың қыр-сырын ашуға болады. Біріншіден, қазақ фольклоры – қазақ халқының аңшылық дәстүрі тарихының тамыры тереңде жатқанын дәлелдейтін дереккөзі. Олардың ішінде ертегілер, ғұрыптық фольклор, өлеңдер және дидактикалық фольклор аңшылық көріністері жайлы мазмұнды ақпарат беріп, тікелей болмағанмен, жанама мәліметтер аламыз. Екіншіден, қазақ фольклорында ауланған аң түрлері, аңшылық құрал-жабдықтар, аңшылық маусым көрініс тауып, ұлттық сипат пен этникалық ерекшелік байқалады. Яғни, ауыз әдебиеті нұсқаларында негізінен кейіпкердің құлан, киік аулауы сахналанып, дидактикалық фольклорда аңшылық құрал-жабдықтары ой тезіне алынған. Үшіншіден, этнография мен фольклортану ғылымдарының зерттеу шеңбері өзара тығыз байланысты. Екі сала да нақты бір этнос тарихы мен мәдениетін зерттеуде ортақ зерттеу әдістеріне сүйенеді. Кең байтақ қазақ елінің ұрпағы ретінде біз аңшылық өнерді зерттей келе, ол туралы барлық дереккөздерді сақтап, ашып, насихаттап, рухани мәдениетімізді байытуымыз маңызды. Халықтың болмысында орын алған шаруашылық пен

кәсіптің түпнұсқасын қастерлеу қажет. Ол үшін рухани мұраны жариялап қана қоймай, кеңінен зерттеп, ұлттық бояуымыз бен болмысымыздың түпнұсқасын айқындаған жөн. Сонымен қатар жас ұрпақты туған өлкесін сүйеге, туған табиғатын қорғауға, танып-білуге, сабырлық, төзімділік, қырағылық, қайсарлық пен өжеттілікке тәрбиелейді.

Әдебиеттер тізімі

- Ананьев Г. Караногайские народные исторические предания // Сборник материалов для описания местностей и племен Кавказа. Издание управления Кавказского учебного округа. Вып. 27. Тифлис, Канцелярия Главноначальствующего гражданской частью по Кавказу, 1900. Отдел III. С.1-38.
- Айтылған тарих. Оқу құралы / Қойгелдиев М.Қ., Нұртазина Н.Д., Жангуттин Б.О., Тілеубаев Ш.Б., Нұрман Ш.Т., Мырзатаева З.Б., Қалыбекова М.Ч., Болатхан Ә. / М.Қ. Қойгелдиевтің редакторлығымен. Алматы: «Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы, 2015. 240 б.
- Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу: монография. Астана, «BG-Print» ЖК, 2013. 380 б.
- Атабаев Қ.М. Деректану: Оқу құралы. Алматы: «Қазақ тарихы», 2007. 302 б.
- Бабалар сөзі: Жұзтомдық. Астана: «Фолиант», 2011. Т.75. 440 б.
- Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А. Саят. Алматы: «Қайнар», 1983. 141б.
- Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы, 1994. 416 б.
- Веселовский А.Н. Историческая поэтика. М.: «Высшая школа», 1989. 648 с.
- Громов И.А., Лукьянов В.Г. Методология научного познания и теория ценности Э. Дюркгейма // Социологические исследования. 2010. № 8. С.123-132.
- Дала фольклорының антологиясы: 10 томдық. Т.1: Батырлар жыры. Алматы: Brand Book, 2019. 560 б.
- Дала фольклорының антологиясы: 10 томдық. Т.6: Ғұрыптық фольклор. Алматы: Brand Book, 2020. 484 б.
- Диваев Ә. Тарту. Құраст. Ф.Оразаева. Алматы: «Ана тілі», 1992. 256 б.
- Диваев А. Казахское народное творчество. 2-е изд., дополненное. Астана, 2007. 317 с.
- Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Алматы: «Әдебиет әлемі», 2012. Т.11: Әуезов М.О. Фольклор туралы зерттеулер. 384 б.
- Қасқабасов С. Ойөріс. Алматы: «Жібек Жолы», 2009. 303 б.
- Қоғамның тарихи жады: ХХ ғасыр Алматы облысы Ескелді ауданы тұрғындарының өмірбаяндық өңгімелерінде. Алматы «Дәстүр», 2015. 240 б.
- Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар: ғылыми-зерттеу мақалалар. / Құраст. Р. Бердібаев. Алматы: «Жазушы», 1985. 368 б.
- Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. Т.3. Ертегі-жыр тудырудағы жұртшылық сарындары. Алматы: «Алатау», 2007. 488 б.
- Муканов М.М. О казахском устном творчестве: пословицах, айтыс в их отношении к трактовке интеллектуальной деятельности // Психология. Генетические и социальные проблемы интеллектуальной деятельности. 1975. Вып. 4. С. 87-102.
- Мұқанов С. Халық мұрасы: Тарихи-этнографиялық шолу. Алматы: «Өлке» баспасы, 2017. 368 б.
- Мырзатаева З.Б. Айтылған тарих дерекқорын құру және оны құжаттау. Алматы: «Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы, 2016. 240 б.
- Нұрғалымқызы Н. Қазақ саятшылығының халық фольклорындағы көрінісі. // Қыран күстармен аң аулау: тарихы мен бүгіні. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы, 2017. 24-25 қараша. 153-165 бб.
- Оразаева Ф. Әбубәкір Диваев – фольклорист. Алматы: «Білім», 2007. 160 б.
- Радлов В.В. Из Сибири. М: «Наука. Главная редакция восточной литературы», 1989. 749 с.
- Сәтімбеков Р.С. Тәуелсіздігіміздің ақиқат айғағым – киелі бүркіт // Қыран күстармен аң аулау: тарихы мен бүгіні. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы, 2017. 24-25 қараша. 172-179 бб.
- Турекулов Н. Современный казахский фольклор: Жанрово-структурный анализ. Под общ.ред. М.К.Каратаева. Алма-Ата: «Мектеп», 1982. 203 б.
- Фразеологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. 800 б.

References

- Ananiev G. Karanogai folk historical legends // Collection of materials for describing the localities and tribes of the Caucasus. Publication of the management of the Caucasian educational district. Issue. 27. Tiflis, Office of the Commander-in-Chief of the Civil Unit for the Caucasus, 1900. Section III. 1-38 p. [in Russian].
- Aitylghan tariikh. Oku kuraly / Koigeldiev M.K., Nurtazina N.D., Zhanguuttin B.O., Tileubaev Sh.B., Nurman Sh.T., Myrzataeva Z.B., Kalybekova M.Ch., Bolatkhan A. / M.K. Koigeldiyevtin editorlygyymen. Almaty: "Karatau KB" ZhSS, "Dastur" baspasy, 2015. - 240 p. [in Kazakh].
- Alpysbes M.A. Kazakh shezhire: tarikhnamalyk-derektanulyk zertteu: monograph. Astana, "BG-Print" ZhK, 2013. – 380 p. [in Kazakh].

- Atabaev K.M. Derektanu: Oku kuraly. Almaty: "Kazakh tarihy", 2007. 302 p. [in Kazakh].
- Babalar sozi: Zhuztomdyk. Astana: "Foliant", 2011. V.75. 440 p. [in Kazakh].
- Babalykuly Zh., Turdybaev A. Sayat. Almaty: "Kainar", 1983. 141 p. [in Kazakh].
- Bekmakhanov E. Kazakhstan XIX gasyrdyn 20-40 zhyldarynda. Almaty, 1994. 416 p. [in Kazakh].
- Veselovskiy A.N. Istoricheskaya poetika [Historical poetics] M.: «Vysshaya shkola», 1989. 648 p. [in Russian].
- Gromov I.A., Lukyanov V.G. Methodology of scientific knowledge and E. Durkheim's theory of value // Sociological research. 2010. No. 8. P.123-132. [in Russian].
- Gave folklore anthologies: 10 volumes. T.1: Batyrlar zhyry. Almaty: Brand Book, 2019. 560 p. [in Kazakh].
- Gave folklore anthologies: 10 volumes. T.6: Guryptyq folklore. Almaty: Brand Book, 2020. 484 p. [in Kazakh].
- Divayev A. Tartu. Kurast. F. Orazayeva. Almaty: "Ana Tili", 1992. 256 p. [in Kazakh].
- Divayev A. Kazakhskoye narodnoye tvorchestvo [Kazakh folk art] 2-ye izd., dopolnennoye. Astana, 2007. 317 p. [in Russian].
- Classical zertteuler: Kөp tomdyk. Almaty: "Adebiyet alemi", 2012. V.11: Auezov M.O. Folklore of the Turala Sertteuler. 384 p. [in Kazakh].
- Kaskabasov S. Oyoris. Almaty: "Zhibek Zholy", 2009. – 303 p. [in Kazakh].
- Kogamnyn tarihi zhady: XX ғасыр Almaty oblysy Eskeldi audany turgyndarynyn omirbayandyқ аңғимelerinde. Almaty "Dastur", 2015. – 240 p. [in Kazakh].
- Margulan A. Ezhelgi zhyr, anyzdar: gylymi-zertteu maqalalar. / Kurast. R. Berdibaev. Almaty: "Zhazushy", 1985. 368 p. [in Kazakh].
- Margulan A.Kh. Shygarmalary. T.3. Ertegi-zhyr tudyrudagy zhurtshylyk saryndary. Almaty: "Alatau", 2007. 488 p. [in Kazakh].
- Mukanov M.M. O kazakhskom ustnom tvorchestve: poslovitsakh, aytys v ikh otnoshenii k traktovke intellektual'noy deyatel'nosti [About Kazakh oral creativity: proverbs, aytys in their relation to the interpretation of intellectual activity] // Psikhologiya. Geneticheskiye i sotsial'nyye problemy intellektual'noy deyatel'nosti. 1975. Vyp.4. S.87-102. [in Russian].
- Mukanov S. Khalyk murasy: Tarihi-ethnographic sholu. Almaty: "Olke" Baspasy, 2017. 368 p. [in Kazakh].
- Myrzataeva Z.B. Aitylgan tarikh derekkoryn қыру zhane ony қыjattau. Almaty: "Karatau KB" ZhSS, "Dastur" baspasy, 2016. 240 p.
- Nurgalymkyzy N. Kazakh sayatshylygynyn halyk folkloryndagy korinisi. // Kyran қыstarmen an aulau: tarihy men bugini. Halykaralyk gylymi-practitioner conference material gifts. Almaty, 2017. - 24-25 karash. 153-165 p. [in Kazakh].
- Orazayeva F. Abubakir Divayev - folklorist. Almaty: "Bilim", 2007. 160 p. [in Kazakh].
- Radlov V.V. Iz Sibiri [From Siberia] M: «Nauka. Glavnaya redaktsiya vostochnoy literatury», 1989. 749 p. [in Russian].
- Satimbekov R.S. Tәuelsizdigimizdin ақиқат ағағым – kieli burkit // Kyran қыstarmen an aulau: tarihy men bugini. Halykaralyk gylymi-practitioner conference material gifts. Almaty, 2017. 24-25 Karasha. 172-179 pp. [in Kazakh].
- Turekulov N. Modern Kazakh folklore: Genre-structural analysis. Ed. M.K. Karataev. Alma-Ata: "Mektep", 1982. 203 p. [in Russian]. Phraseologylyg sozdik. Almaty: "Arys" Baspasy, 2007. 800 p. [in Kazakh].

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

Абусейтова М.Х. ВКЛАД ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПРОГРАММ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «МӘДЕНИ МҰРА» («КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ»), «ХАЛЫҚ ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА» («НАРОД В ПОТОКЕ ИСТОРИИ»), «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ» «АРХИВ – 2025» В ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЫ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ.....	5
Сайкенева Д.К., Ужкенов Е.М., Морякова М.Т. ГЕНЕЗИС ГОРОДОВ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ: ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИОГРАФИИ.....	17
Шакиева А.С. РЕСЕЙ ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ (1991-2021 жж.).....	25
Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х., Конкабаева А.Н. МӘМЛҰК КЕЗЕҢІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ «АТ-ТУХФА» ҚОЛЖАЗБАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХНАМАСЫ.....	35
Kubeyev R.Dzh., Murzakhodzhaev K.M. ON SOME TRADITIONALIST ASPECTS AND HISTORICAL PARALLELS OF MODERN KAZAKHSTANI NATION-BUILDING (HISTORIOGRAPHIC REVIEW).....	46

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

Бердыгужин Л.Б., Сарсенов А.С., Жумагулов Б.С. СТАНОВЛЕНИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА: НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА ИСТОРИЮ.....	54
Маргулан А.С., Батырхан Б.Ш., Токмурзаев Б.С. ИСТОРИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ МОНГОЛЬСКОЙ ИМПЕРИИ В СРЕДНЕВЕКОВОЙ ЭНЦИКЛОПЕДИИ ШИХАБ АД-ДИНА АЛ-ОМАРИ.....	64

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

Қабылдинов З.Е., Тылахметова А.С., Оралова А.А. АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ҚЫТАЙДЫҢ ЦИНЬ ИМПЕРИЯСЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	73
Жүрсінбаев Б.А., Серікбаев Е.Қ., Калыгулова Ж.А. ҰЛЫ ЖҰЗ ПРИСТАВЫ ЖӘНЕ АЛАТАУ ОКРУГЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ.....	84
Сұлтанғазы Г.Ж. XIX-XX ҒҒ. АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ОТАР ҚАЛАНЫҢ САЯСИ КЕҢІСТІГІ ЖӘНЕ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ҚЫЗМЕТІ.....	94
Сұлтанғалиева Г.С. ОТРАЖЕНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ КАЗАХСКОГО КОЧЕВОГО ОБЩЕСТВА В ДЕЛОПРОИЗВОДСТВЕННОЙ ДОКУМЕНТАЦИИ И ВИЗУАЛЬНЫХ ИСТОЧНИКАХ XIX В.....	104

Шалгимбеков А.Б., Шотанова Г.А.
ВОЕННО-КРЕПОСТНЫЕ ЛИНИИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ ЮЖНОГО УРАЛА
НА РУБЕЖЕ XVIII-XIX ВЕКОВ.....114

Ибраев Е.Е., Легкий Д.М., Табулденов А.Н.
«ДАЛЬНЕЙШЕЕ НАБЛЮДЕНИЕ ЗА НИМ УСТАНОВЛЕНО». АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ
ПОД НАДЗОРОМ ЦАРСКОЙ ОХРАНКИ (1907-1910 ГОДЫ).....123

Рустемов С.К., Бурханов Б.Б.
ОРЫНБОР МҮФТИЛІГІНІҢ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ
ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ МЕН РӨЛІ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІ).....134

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Асанова С.А., Капаева А.Т.
ГОЛОД 1921 -1922 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ, КАК СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНАЯ ТРАВМА.....143

Көкебаева Г.К., Стамшалов Е.И.
ГЕРМАНИЯДАҒЫ КЕҢЕСТІК СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНАН ЖАСАҚТАЛҒАН
ӘСКЕРІ БӨЛІМДЕР.....151

Zhakisheva S.A.
PRO MEMORIA FOR THOSE WHO LEFT IRRETRIEVABLY:
BIRMUKNAMED AIBASOV.....159

Қайыпбаева А.Т., Әбікей А.М., Оспанова Р.Р.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ
НАУҚАНЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ.....169

Борчашвили И.Ш., Курманбаев Б.М.
ИСТОРИКО-ПРАВОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИССЛЕДОВАНИИ НАСИЛЬСТВЕННОЙ
КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И ДРУГИХ ПОЛИТИЧЕСКИХ
КАМПАНИЙ В ОТНОШЕНИИ КРЕСТЬЯНСТВА.....180

Шашаева М.Ә., Қозыбаева М.М.
КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1917-1930 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ
«ӘЙЕЛ ТЕНДІГІ» МӘСЕЛЕСІ.....189

Кожирова С.Б., Быков А.Ю., Нечаева Е.Л.
XX ҒАСЫРДЫҢ 20-ШЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ ШЕКАРАСЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ.....197

Абдильдинова Л.Б., Искакова Г.М.
СОСТОЯНИЕ БЕЗРАБОТИЦЫ И БЕЗРАБОТНЫХ В РАЙОНЕ СТРОИТЕЛЬСТВА
ТУРКЕСТАНО-СИБИРСКОЙ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ.....207

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

Сиздиков Б.С., Жетібаев К.М., Гурсой М., Мургабаев С.С.
XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТҮРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫМЫ (ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ
ҚАЛАСЫ НЕГІЗІНДЕ).....217

Бобров Л.А., Кушқумбаев А.К., Исмаилов Д.
ЦЕЛЬНОКОВАНЫЙ ОЙРАТСКИЙ ШЛЕМ ИЗ СОБРАНИЯ АКМОЛИНСКОГО ОБЛАСТНОГО
ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКОГО МУЗЕЯ.....229

Kanatuly M., Adilbayeva A.S., Ercilasun K.

TOURISM OPPORTUNITIES FOR KAZAKHSTAN ON THE GREAT SILK ROAD.....237

Ишкалова Г.И.

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛІ АҢШЫЛЫҒЫНЫҢ ХАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ.....244

**Рецензия
Сын-пікір
Review**

Абиль Е.А., Кузембайұлы А.

ФЕНОМЕН ВЕЛИКОЙ СТЕПИ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.

РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ: ХАН ДЖУЧИ. ВЕЛИКАЯ СТЕПЬ.....255

Басуға 29.06. 2022 қол қойылды
Шартты баспа табағы – 12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Отан тарихы» журналының редакциясында басылды